

**Қазақ тілі 2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы **ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы**

Топ: «Дисней» ортаңғы топ

Балалардың жасы: **3-жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.

| <b>Айы</b> | <b>Ұйымдастырылған<br/>іс-әрекет</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>   |
|------------|--------------------------------------|--|
| Желтоқсан  | Қазақ тілі                           | <p>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;</p> <p>- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.</p> <p><b>Тілдік дамытуши орта.</b></p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен құнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сипайы сөйлеу әдебін сактауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атап баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді</p> |

тындау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.

**Сөздік қор.**

Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.

Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).

**Байланыстырып сөйлеу.**

Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.